

№268 мектеп-лицей

**2022-2023 оқу жылында
атқарылған тәрбие жұмыстарының
жылдық есебі**

Қызылорда қаласы, 2023 жыл

Өздеріңізге белгілі қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі ол жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу.

Осы орайда мектебімізде құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында атқарылған жұмыстарға тоқтала кетсек.

Мектебіміздегі құқық бұзушылыққа бейім балалар анықталып спорттық үйірмелермен қамтылған. Тәуекел топтарындағы, толық емес отбасындағы балалардың тұрғылықты тұрмысын зерттеу мақсатында отбасында болып, зерттеу жұмыстары жүргізілді. Мектеп психологтары «Өз өмірім – өз қолымда», «Мен өмірдің жарқын болғанын қалаймын» тақырыбында психокоррекциялық жұмыстар атқарылуда. Қылмыс пен құқық бұзушылықтың және зорлық – зомбылықтың алдын алуға байланысты барлық сыныптарда тәрбие сағаттары, дөңгелек үстелдер, сауалнама жұмыстары жүргізілуде. Мектебімізде оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектепшілік 23 үйірме жұмыстары жұмыс жасайды, оның ішінде 11 спорттық үйірме. Үйірмелерге қамтылған оқушы саны қазіргі таңда 628 оқушы.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында іс-шаралар жоспары жасалынып, жоспарға сәйкес тәртіп бұзуға бейім балалар есепке алынып, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологтары, сынып жетекшілері бірлесіп ата-аналармен тығыз байланыста болып, жоспарға сай жұмыстар жүргізілуді. Атап өтетін болсақ 1 қыркүйек күні 7-11 сынып оқушыларына «**Сен және сенің құқығың**» тақырыбында құқықтық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Түсіндірме жұмыстарын жүргізуге тиісті маман ҚПБ-ның тергеу бөлімінің орынбасары полиция капитаны Нариман Аблаким келді.



№268 мектеп-лицейінде 28 қараша күні 7-10 сыныптар арасында «Есірткісіз болашақ» тақырыбында ережеге сәйкес видеороликтер мен сахна қойылымдарының сайысы өткізілді. Сайыстың мақсаты: адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған есірткінің, темекінің зиянын және улы екенін түсіндіре отырып саналыққа, салауатты өмірді таңдауға тазалыққа, лас істерден аулақ болуға жан сұлулығымен қатар тән сұлулығын сақтауға тәрбиелеу. Есірткі жайлы кеңінен мағлұмат бере отырып, отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, тазалыққа, денсаулыққа, баулу. Ерекше дайындықпен келген командалар дипломдар мен бағалы сыйлықтарға ие болды.



Қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу екені білгілі, осы орайда қазан айының 19 күні 9 - 11 сынып оқушыларына ҚПБ ЮПБ-нің мамандары Асылбеков Жасұлан, Абдрахмнова Айнұр, Қорғанбаева Гүлназ келіп құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, кәмелетке толмағандар арасындағы әкімшілік құқық бұзушылық кодекстің 434,442,127,128,200 баптары таныстырылып өтті.



Мектебіміздің оқушыларын діни сауаттандыру мақсатында қазан айының 18 жұлдызында Қызылорда облысының дін істері басқармасының дін мәселелерін зеріттеу орталығы КММ-нен тиісті маман Райханұлы Ердана келіп «Жат ағым желіде жетектемесін» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп бейне роликтер көрсетіліп түсіндірме парақтары таратылды.



Мектебімізде «Қызғалдақ» қыздар қоғамдық ұйымының жетекшісінің ұйымдастыруымен қараша айының 18 «Қыдар сұлу көрінер қылығымен» атты жинын өткізді. Жиналыстың мақсаты: Жас жеткіншектер арасында ерте жүктіліктің алдын алу. Қыздардың адам тәрбиесі мен Қоғам тәрбиесіне байланысты көзқарастарын дұрыс қалыптастыра отырып, болашаққа ұрпақ қамын, ұлт тағдырын ойлайтын қоғамның мүшесі болуларына жағдай жасау, ерте жүктіліктің алдыналу мақсатында түсінік беру. Отбасын құру мен бала тәрбиесіне байланысты жауапкершіліктерін арттыру. Жүрек тәрбиесімен ақыл тәрбиесінің мән – мағынасын ашып көрсету. Жиналысқа облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының менеджері Б. Қарымсақова, №4 қалалық емхана гинекологы А. Мырзахметова шақырылды. Мектебіміздің 8 – 11 сынып қыздарына жиналысқа қатысып керемет мұғұлматтар алды. Жиналыста 4 түрлі тақырып қамтылды бөлмнен тұрды. 1. «Ерте жүктіліктің ертеңі қандай?» 2. «Тазалық, тәртәп басты

талап» 3. «Әдемі күл, сыпайы жүр, сұлу ойлан», 4. «Қортынды».

Жиналыс соңынан мектебіміздің музыка пәні мұғалімі Д. Қуандық «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» әнімен орындады. Жиналыс сырласу түрінде өтіп, оқушылар жақсы көңіл-күймен тарады.



№268 мектеп-лицейінің Мектеп Парламентінің мәдениет және өнер фракциясының жоспары аясында **«Есірткісіз келешек», «Арман! Еңбек! Сенім!»** атты флешмобтың акциясы өткізілді.

Акцияда есірткінің адам ағзасына қандай зиян екенін айтылып, салауатты өмір сүру, күнде спортпен айналысуға шақырып, әрі қарай флешмоб жарысымен жалғасты. Сайысқа оқушылар белсене қатысып, жоғары деңгейде өнерлерін көрсетті. Сайыс қорытындысы бойынша үздік командалар арнайы дипломдармен марапатталды. Нәтижесінде 8 «А» сыныбы I орын, 7 «А» сыныбы II орын, 7 «Ә» сыныбы III орын иеленді.



№268 мектеп-лицейі «**Қызғалдақ**» қыздар ұйымының ұйымдастыруымен мектепшілік «**Бұрымды қыз**» атты байқауы өтті. Қыз баланың биязылығы мен сымбатының көрінісі болған қолаң шашты, бұрымды қыздарымызды тәрбиелікке, инабаттылыққа баулу мақсатында 7-9 сынып қыздары арасында өткізілді. Аруларымыз 4 бөлім бойынша, яғни өздерін таныстыру, өнерлерін көрсету, сұрақ-жауап бөлімі және шаш үлгілері бойынша сынға түсті. Сайыс қорытындысымен 7«В» сынып оқушысы Алибек Талшын “Білімді Ару” номинациясымен, 8«Ә» сынып оқушысы Маханбетхан Балауса “Өнерлі Ару” номинациясымен марапатталса, жүлделі ІІІ орын 7 «Г» сынып оқушысы Қайырбек Кәусар, ІІ орын 8 «В» сынып оқушысы Дәулетбай Гүлзат, І орын 9«Ә» сынып оқушысы Қанат Гүлфатқа бұйырды. Ал сайыстың бас жүлдесімен 7«Б» сынып оқушысы Абдуали Разия

марапатталды. Барлық қатысушылар мектеп-лицей директорының дипломдарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталып, «Қызғалдақ» қыздар ұйымы мүшелерінің концерттік бағдарламасына ұласты.



Оқушылардың түнгі уақытта беймезгіл көшеде жүруінің алдын алу мақсатында «Түнгі қаладағы балалар» атты жедел профилактикалық іс-шара ұйымдастырылуда.

№268 мектеп – лицейі бойынша «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың, қоғамға жат іс – әрекеттердің алдын алуға, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған рейдтік іс – шара кестесі жасалып тұрақты түрде жұмыс атқарылуда.

№268 мектеп-лицейінде «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстары

«Парасаттылық бұрышын» ұйымдастыру

Мектебімізде тәрбие жұмысын ұйымдастыруға арналған «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылып, жұмыс жасауда. Оқушыларды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, өмірге

жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу мақсатында «Парасатты азамат» бұрышы жасалынды.



«Кітаптар көрмесін және арнайы бұрыш ұйымдастыру»

№268 мектеп-лицейінің кітапханасында кітаптар көрмесі арнайы жоспарға сәйкес жасалған. **Мақсаты:** Дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі, ғасырдан ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей әкеле жатқан шырағы биік, парасаттылық пен білімділіктің киелі ордасы – кітапхана екендігі оқушыларға түсіндірілді.



«Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» тақырыбында эссе байқауы

Мақсаты:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру



«Әділ және парасаттылық» тақырыбында бейнеролик байқауы

Мақсаты:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

